

ӘОЖ 81'272:821.512.122

**Ә. НҰРПЕЙІСОВ ЕҢБЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗІРГІ  
БАҚ МӘСЕЛЕСІН ТАЛДАУ**  
*(мемлекеттік этносаясат, тіл тазалығы мәселелері)*

Аманжолов Бекарыстан Нұрланұлы,  
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика және саясаттану  
факультетінің ІІ курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Болатова Гүлжаухар Жамбылқызы,  
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика және саясаттану  
факультетінің доценті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісов 1924 жылдың 22 қазанында Қызылорда облысындағы Арал ауданына қарасты Құланды поселкесінің Үшкөң ауылында дүниеге келген. Қазақстанның халық жазушысы, ІІ Дүниежүзілік соғыс ардагері, қоғам қайраткері. Әбдіжәміл Кәрімұлын қай қырынан алып қарамасаң да өзіндік дара бейнесімен ерекшеленеді. Тау тұлға майдангер ғана емес, талантты жазушы, 1962-1964 жылдары Қазақстан Жазушылар Одағының органы – «Жұлдыз» журналының бас редакторы, Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесінің депутаты сынды құрметті лауазымдарды зор абыроймен атқарған. Жұрт аузынан түспейтін атақты туындысы «Қан

мен тер» трилогиясы [1] өз дәуірінен озық шыққан еңбегі. Жиырма алты жасында басылып шыққан «Курляндия» [2] атты еңбегі әлі күнге дейін маңызын жоғалтқан емес. Бүгінгі күні бұқаралық ақпарат құралдарын таразылай отырып, Әбдіжәміл Кәрімұлының көркем еңбектеріндегі озық ойлардың іздерін көріп отырмыз. Жоғарыда атап өткен қос шығарма негізінде осы күнгі БАҚ-тағы келелі мәселелерді талдағанды жөн көрдік.

«Курляндия» романы 1967 жылы «Күткен күн» деп қайта басылып шыққаны белгілі. Романда кешегі Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдары, Курляндияны неміс-фашист басқыншыларынан азат етудегі Кеңес жауынгерлерінің ерлігі суреттеледі. “Курляндиядағы” қазақ Есей, орыс Долгушев, татар Хиззатуллин, латыш Шоцикас, қайсы бірін айтасыз, жанама кейіпкерлер аса мол, кәдімгі ішіне қан қатып ызаланатын, ажалдан қорқатын, бәзбір түнде елін, отбасын ойлап көз ілмей шығатын [3] азаматтардың бөлінбей, бірлікте болып, бір істің байыбына бірлесе баруға ынталы екендіктері көңіл қуантады. Бұл туралы терең таразылап 2010 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде жазған белгілі ғалым Мырзатай Жолдасбеков [3] те ерекше назар аударған. Дәл осы шығармадағы дүниелер 140-тан астам ұлт пен этностар өмір сүретін біздің бүгінгі Қазақстанның болмысын суреттейтіндей. Елімізде ХІХ ғасырдың аяғы, кейіннен ХХ ғасырдың басы мен орта шенінде қоныс аударылған көптеген этностар бүгінгі күні Тәуелсіз Қазақстанның азаматтары атанып отыр. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған халық бар қиындықты оңай еңсеріп, бүтін бір ел құра білді. Дегенмен, бүгінгі БАҚ сол дүниелерді ұмытып кеткен сынды. Арагидік ақпарат көздерінде керісінше этностар арасында түсініспеушілік тудыратын материалдар да жарияланып отырады. Бүгінгі БАҚ сөзсіз түрленген. ХХ ғасыр орта шегі мен ХХІ ғасыр бастауындағы БАҚ-тың айырмашылығы жер мен көктей.

Бұқаралық ақпарат – тұлғалардың шектеусіз топтарына арналған баспасөздік, дыбыстық, дыбыстық-бейнелік және де өзге хабарлар мен материалдар [4;44] болса, мемлекеттегі кез-келген мақсатты және мақсатсыз оқиғалар жиынтығын түрлі ракурста көпке танытатын дәл осы БАҚ болып табылады. Елдегі аккумуляция [4;12] нәтижесінде ортақ бір құндылықтар қалыптасса, сол құндылықтарды сұрыптап, көпке тартымды етуде де БАҚ ерекше қызмет етеді. Әбдіжәміл Кәрімұлы аталған туындыларында сол ортақ құндылықтарды қалыптастыру мен толықтыру турасында өрелі ойын жеткізген. Алайда осы күні керісінше ұлттаралық араздық тудырар немесе ксенофобияға жеткізетін ақпараттарды да көзіміз шалып жатады. Мысалға, Дархан Өмірбековтың «eurasianet» ақпараттық порталында жарық көрген «Қазақстан: студенттер этникалық негізде күресуде, билік мәселені төмендетуде» [5] атты мақаласында өзбек ұлтының азаматтарын соққыға жыққан Шымкент қаласындағы Жоғары оқу орнының білім алушылары жайлы баяндайды. Мақалада автор университет қабырғасындағы тұрмыстық жанжал өзбек ұлты студенттерінің бейне жазба жазып, биліктен көмек сұрауымен аяқталғанын айтады. Ақыры бұл іске елшілік азаматтары араласып, тексеріс жүрген. Мақала соңында оқиғаға қатысы бар Музафар Тожибоев түсірген бейне жазба үшін көпшіліктен кешірім сұрап, барлық мәселенің шешілгендігін баяндайды. Мұндағы «гәп» қайда? Гәп жанжалда емес, бар мәселе қазақтың өзбекті соққыға жыққандығында болып отыр. Егер екі қазақ жігіті төбелесіп, осындай іс туса, мұнша ажиотаж болмас еді. 2019 жылдың 8 қаңтарына дейін небәрі 7 күн ішінде елімізде 39 қасақана кісі өлімі, 46 адам денесіне зақым келтіретін іс тіркелген. Алайда олар осынша дау тудырмады. Себебі ондағы оқиғаларда бір ұлттың келесі біріне қысымы иә қатыгездігі сөз болмады. Мұнда анық аңғарар дүние кез-келген ұлт намысқа тиер әрекет болғанда ғана ала түрегеліп, істі назарға алады. Міне, мұнда да ақпаратты ұсыну шеберлігі жатыр. Осы кезде Ә. Нүрпейісовтың «Курляндия» шығармасының қаншалықты маңызды екендігін анық көре аламыз. Осы бір керемет романды оқып, бойына сіңірген журналист те, халық та ондай озбыр әрекеттерге бармас еді. Олар бүгінгі күнгі жеңіс бір ұлттың доминант болуынан емес, бәрінің бірлігінің арқасында екенін ұқса, жанжал да, басқасы да болмай, керісінше бірлікті ту етер еді. Есей, Долгушев, Хиззатуллин, Шоцикас – төрт ұлттың өкілі. Тілі, ділі, тіпті ділі, ұстанар діндері әртүрлі азаматтардың не біріктірді? Сөзсіз, олардың ортақ мақсаттары болды. Ол – жеңіс. Сұрапыл соғыстың нүктесін қойып, елге оралу, отбасымен қауышу. Егер де бүгінде әр азамат дәл солай өз отбасын ойлап, елінің тыныштығын қаласа, жоғарыда аталған істер мүлдем болмас еді. Журналистер осы шығарманың мән-жапсарын толыққанды ұғынып, бойына сіңірсе, ақпарат ұсынарда ой таразысынан өткізіп, артығын сүзгілеп, мәселенің мұртын жатқыза жеткізер еді. Осы орайда, Әбдіжәміл Кәрімұлының «Курляндия» еңбегінің өзектілігі тағы бір мәрте байқалады.

Ендігі бір ой талқы «Қан мен тер» трилогиясы аясында өрбімек. Еламанның басындағы қилы өткелдер, Тәңірбергенмен арасындағы қарым-қатынастар өз кезегінде көптеген азаматтың жастана оқитын шығармасы болды. Бұл шығармада әлеуметтік мәселелер әлі де өз маңызын жоғалтқан емес. Қазіргі таңдағы елдегі орын алып жатқан түрлі қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәселелер соның бір дәлелі бола алады. Владислав Юрицынның «ZONAKZ» интернет газетінде жарық көрген «Қазақстанның әлеуметтік саясаты тым көнерген» атты мақаласы [6] шығарманы дәл суреттейтіндей. Расында, қазіргі кезде біз Еламанның дәуіріндегідей өмір сүрмесек те соның басындағы қатал тағдырдың қамытын арқалағандаймыз. Оның бейнелі образы да, өмір салты да осы күнгі жағдаятты бейнелегендей болады. Автор елдегі түрлі заңнамалар мен жобалар түбегейлі істі шешпей, керісінше кері әсер беретіндігін ұсына келе, Жаңаөзендегі жұмысшылардың ереуілдерін мысалға алады. Сол сияқты «Қан мен тер» шығармасындағы жалпы алғандағы өмір үшін күрес осы еңбектің бір байланысын аңғартатындай.

Әбдіжәміл Кәрімұлының енді бір артықшылығы шығармалары кең тынысты, ілкімді, ырғақты, екпіні мол қазақы шұрайлы тілмен жазылуында. Еңбектері қатардағы «болады, қояды, бара жатыр, келе жатыр» деген кедейдің көрпесіндей тартымсыз, жұтаң жазылмаған. Кеңінен насихатталып, тармақтары тізбекті оймен өріле келген. Бүгінгі күні сондай озық үлгіде ой жазу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Қазіргі БАҚ қолға тисе, шылаулардан бастап септіктердің орналасуындағы қателермен алысып бітесің. Содан болса керек, заманының заңғар тұлғасы газетті аса көп оқымаған. БАҚ әуелі тіл тазалығынан басталуы тиіс. Оқырман яки көрермен ақпарат құралдары арқылы тілді танып-біледі, қабылдайды, түсінеді. Қазіргі күні отандық телевизиядағы мүйізі қарағайдай арналардың өзінде бағдарламалардағы жүргізушілер «мен ойлаймынмен» бастап, «көкей кестісімен» аяқтайды. Сөздің мән-мағынасын ұқпай айтқан тілге жасаған қорлық. Көкей кесілмейді, көкей тесіледі. Осындай өрескел қателерді танымал телеарналар мен ірі басылымдардан да кездестіреміз. «НТК» мен «31АРНА» телеарнасындағы екі танымал бағдарламаны талдау барысында 90 минуттық эфирден 59 тілдік қате анықтадық. Олардың алды әлгі орынсыз аударылған сөздер мен қате айтылған немесе басым көпшілігі диалект сөздерден тұрады. Бұл дегеніміз тілге жасаған қиянат болып табылады. М. Әуезовтің «Абай жолын», Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен терін» оқымаған, тілдің стилистикалық ережесін менсінбеген көгілдір экран жұлдыздары ертеңгі күні шұбарланған тілдің авторлары атанады.

Қазақ прозасының шоқтығы биік тұлғасы Әбдіжәміл Кәрімұлының қай шығармасы болмасын осы күнгі бұқаралық ақпарат құралдарындағы түйіткілді мәселелерді шешуде басты құралымызға айналуға толық мүмкіндігі бар. Егер де ақпарат құралдары саласының мамандары «Қан мен тер» трилогиясын зейінмен оқып, жіті зерделеп, ой таразысынан өткізе алатын болса, онда болашақта БАҚ-та тіл тазалығы сақталатын еді. Бұқаралық ақпарат құралдарының басты мәселесі сол тіл тазалығы, ақпараттың тартымдылығы, оқырманды еліктіре алуында. Ендеше, бұл жолда Ә. Нұрпейісовтің еңбектері қолдан түспейтін шамшырағымызға айналуы тиіс.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. Алматы, 1973
2. Нұрпейісов Ә. Күткен күн (Курляндия). Алматы, 1967
3. Жолдасбеков М. Ә. Нұрпейісов: Мені тұлғалар өсірді//Егемен Қазақстан, 23.01.2010
4. «Mass media және телекоммуникация» терминдерінің қазақша-орысша-ағылшынша анықтамалық сөздігі. (Редактор-құрастырушы: Қ. Тұрсын). Алматы, 2015.
5. Умирбеков Д. Казахстан: студенты дерутся на этнической почве, власти преуменьшают проблему//<https://russian.eurasianet.org>. 27.09.2019
6. Юрицын В. Социальная политика Казахстана слишком архаична // <https://zonakz.net> 22.10.2019